


бекіту және динамикалық позициялаудың бірқатар кемшіліктері бар: ұңғы осі горизонталь бойынша орнын ауыстыруы, ағымды акваторияларда якорлі тростардың үзілу қауіптілігі артады. Сондықтан, басқа (келешектері жоқ) түрлі ЖБЖБҚ-ға қарағанда басты орынды алатын тартқыш тіректілі ЖБЖБҚ болып саналады. (2.12-сурет).

Негізгі элементтері: жүзгішті понтондар, платформа астындағы тіректер, бұрғылау нүктесінде орналасатын фундамент, және фундаметті понтондармен жалғайтын тартқыштарды (олар түп якорінің рөлін атқарып, потондарды ұстайды). Тартқыштар әртүрлі болады: грунтқа батырылған үлкен свайлар, массивті плиталар т.б.



2.12-сурет. Тартпалы тіректілі якорлы жүйесі бар платформа:

1 – жоғарғы құрылыс; 2 – жүзбелі корпус; 3 – тартпалы якорлы жүйе; 4 – анкерлі тіректі элемент

Тартқыштардың төменгі жақтары фундаментпен скобалар арқылы жалғанады, фундаментінің бос қуысты орындары сумен толтырылады, ол теңіз түбіне түсіп, тартқыштарды вертикал позициясына әкеледі.

Бұл типті ЖБЖБҚ-ң тұрақтылығы құбыр тәрізді тартқыштардың тарту күшіне байланысы (тартқыш тіректер деп аталады), бірақ олардың саны мен диаметрінен тәуелді емес. Диаметрлерін олардың беріктік шарттарынан анықтайды.

Қазіргі кезде тартқыш тіректілі ЖБЖБҚ-ны шет елдерде теңіздің 800 м тереңдігіне орнату мүмкіндігін бағалап отыр. (келешекте 2000м дейін оратады.)

ЖБЖБҚ-ны пайдалану ерекшеліктері.

Берілген аудан жұмыстары үшін ЖБЖБҚ түрлерін анықтау кезінде қоршаған ортаны зеттеу бойынша үлкен жұмыстар жүргізіледі, одан кейін жел жылдамдығы, толқын биіктігі, ағу жылдамдығы, мұздылық жағдайлары анықталған шамалары бойынша ЖБЖБҚ сипаттамаларын қарастырады, яғни онда бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкіншілігін қарастырады.

ЖБЖБҚ-ны пайдалану ерекшелігі –ұңғыны бұрғылау кезінде оның ӨЖБҚ-ге қарағанда теңіз түбімен қатаң бекітілмей жүзбелі түрде болуы. Оның теңіз түбімен байланысы теңіз тұрағы арқылы жүзеге асады.

Оның жоғарғы қозғалатын жағы ЖБЖБҚ мен, ал төменгі жағы телескопиялық жалғану арқылы суасты саға қондырғысына жалғанған.

Теңіз стояғы бұрғылау ерітіндінің жабық түрде циркуляциялауын қамтамасыз етеді.